

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздерінің 30 жылдығына арналған
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 наурыз 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ
АРХИТЕКТУРА»**

посвященной 30-летию Государственных символов
Республики Казахстан.
30 марта 2022 г.

MATERIALS

of the international scientific conference
«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols
of the Republic of Kazakhstan.
30 March, 2022

НҰР-СҰЛТАН
NUR-SULTAN

УДК 001
ББК 72
Қ.18

Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-337-649-3

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-337-649-3

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022**

Таким образом, на современном этапе эволюции и проектирования придорожных комплексов необходимо уделять и акцентировать внимание на этнокультуре страны и на его природные акценты.

Список использованных источников:

1. Лайко М.Ю., Штыхно Д.А. Мировая индустрия гостеприимства: учебное пособие. М.: Изд-во Рос.экон.акад., 2005. – 113 с.
2. Семёнов Л. С. Хронология путешествия Афанасия Никитина. // Хожение за три моря Афанасия Никитина. Л., 1986. С.88-107.
3. Популярная художественная энциклопедия: Архитектура. Живопись. Скульптура. Графика. Декоративное искусство/ Ред. кол.: В. М. Полевой (гл. ред.), В. Ф. Маркузон, Д. В. Сарабьянов, В. Д. Синюков. — [Репр. изд. 1986 года]. — М.: Большая Российская Энциклопедия, 1999 —. — ISBN 5-85270-316-8.
4. Мекка: биография загадочного города / Мария Кича. – Москва. Эксмо, 2020. – 368 с.
5. Ибрагим Ата мавзoley // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. II.
6. Мавзoley Абдул-Азиза бабы // Региональные сакральные объекты Казахстана. — Астана: Фолиант, 2017. — 504 с.
7. Мавзoley Мирали бабы // Региональные сакральные объекты Казахстана. — Астана: Фолиант, 2017. — 504 с.

УДК 72.035:725.256(574)

ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕГІМІЗДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Шаймерден С. С.

srim_96.96@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Сәулет» мамандығы магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – сәулет докторы Қ.Қ.Арынов

Қазақ ою-өрнегі –қазақ халқының ауыз әдебиеті сияқты мәдени құндылығы. Мақсат, болашақ ұрпаққа ұмыт болып бара жатқан осы өнерді таныстырып қана қоймай, оны қолөнер, сурет, сәулет өнері және өндіріс салаларына ендіре отырып, осы өнерді қайта жаңғырту, оған жаңа мазмұн беру.

Кәзіргі таңда адамзат технологиялық дамудың бұрын-соңды болмаған дамуын бастан кешіріп жатыр. Қолданып жүрген құралдарымыз, гаджеттеріміз ай айналып келмей-ақ жаңарып үлгеруде. Ал, сол технологияның қарқындап дамуы адам тірлігінің кез-келген саласына барған сайын тереңдей енуде. Кезегінде бұл үрдістен мәдениет, өнер де сырт қалып отырған жоқ. Біз әңгіме еткелі отырған тақырып, сол өнер ішіндегі қазақ халқының ұлттық өнері ою-өрнек саласының қазіргі замандағы жағдайы . Тұтас алып қарасак, ою-өрнекті қандай ұлттың болмасын мәдени ерекшелігі, сол халықтың салт-дәстүр коды, тұрмыс-тіршілік таңбасы, дүниетаныным көрінісі десек, қателеспейміз. Сондықтан ұлттық ою-өрнектің түпнұсқалығын қандай жағдайда да жоғалтпауға тырсуымыз керек. Сүйте тұра, оның заман сұранысынан қалып қоймай, күнделікті тірлікте қолданыста болуын қамтамасыз ете білуіміз керек [1].

Қазақ халқының ұлт ретіндегі пішін-келбетін өзіне ғана тән ою-өрнегінсіз елестету мүмкін емес. Және елестетпеу де керек. Біздің ою-өрнегіміз шынын айтқанда, халқымызбен бірге қилы-қилы замандарды, небір қиын кездерді бастан өткеріп келе жатқан ең ежелгі өнер түрі. Оның бастауы адам атамыздың қолы икемге келіп, басына қиял қонған кезден басталып, сонау ғұн, сақ замандарында кәзіргі қазақ оюы деп танылатын таңбаның алғашқы табы

айқындалатын тұстардан айырылып бүгінгі күнге қазақтан басқа ешбір ұлтқа телінбейтіндей көркем ерекшелігімен жетіп отыр.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері – байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі болуымен қатар, өте кең таралған түрі. Қазақтың сан ғасырлық тарихымен біте қайнасқан бұл өнер түрі халықтың шынайы рухани-эстетикалық танымымен астасып, этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекшелене түскен. Демек, ою-өрнек – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халықтың өткен тарихы – рухани, мәдени-материалдық өмірінің айнасы. Жанына ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор өнер түрі. Ою-өрнектің қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде еңбеген есігі жоқ десек те болады [1].

Күндегі киілетін киімдерден бастап, тұтынатын тұрмыстық заттар, ыдыс-аяқ, ертұрман, әуездік аспаптармен қатар, тіпті, сауыт-сайман, қару-жарақтарға дейін оюмен әшекейленген. Архитектура мен зергерлік бұйымда қолдану орны мүлде бөлек. Ғұн мәдениетінде сыртқы пішіні пирамидаға ұқсап жасалынған «үшбұрыш» өрнегі әйелдерінің алкасында пішінделді. Ғұндар өнерінде киізге, былғарыға, тастарға түрлі пішіндер таңбалады. Зергерлік бұйымдарға үй жануарлары мен аңдардың суреттерін түсірді. Сақ тайпасының жалғасы болып табылатын үйсіндер мен қаңлылардың мәдениеті сақ мәдениетін одан ары қарай дамытты. Оларда темірден жасалған өрнектер көптеп кездеседі. Үйсіндер мен қаңлыларда бейнеленген ою-өрнектердің басым бөлігі геометриялық элементтерден тұратын еді. Түрік қағанаты өмір сүрген жәдігерлерге сүйенсек, колөнер шеберлері үстем тап өкілдеріне арнап үй-жиһаздарын, ертұрман, киім-кешек, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдарына геометриялық және өсімдік сипатты ою-өрнектерді салып отырды. Бұл сөзіміздің дәлелі сақ мәдениетіне жататын әлемде ешқандай теңдесі жоқ «алтын адам» киімдеріндегі қолданған ою-өрнектер (1-сурет).



1- сурет. Алтын адам және онда бейнеленген өрнектер

70 жыл Кеңес Одағының астында болған кезде, қазақ ұлты өзінің төл мәдениетіннен, бай тарихынан, қайталанбас өнерінен, ана тілінен айрылып қалудың сәл алдында тұрды. Бірақ бағымызға орай өз тәуелсіздігімізді қолға алғаннан кейін, ұлттық мәдениетіміз қайта тіріліп,

жаңа бір тынысы ашылғандай болды. Бұл игі бастаманың негізін ұлттық байрағымыз бен елтаңбамыздың қазақы ою-өрнекпен айшықталуы қалағандай болды. Алайда ел көңілінен шыққан сол бастамадан ұлттық ою-өрнегіміз қайта бүршік атқандай болғанмен, ол тұрткі науқандық қана сипат алып, айтарлықтай тұрақты даму үдерісіне түсе алмады. Ою-өрнектеріміз ешқандай ережесіз, негізсіз, кез-келген жерде қалай болса, солай, еш талғамсыз қолданыла берді, халықтың алдында жеткілікті дәрежеде насихатталмады. Бұл біздің ұлттық ою-өрнегіміздің құндылығын түсіріп, қолданыстан шығып қалатындай өте аянышты күйге түсірді.



2- сурет. Қазақстан ұлттық құрамасының олимпиадаға арналған формасы

Алайда, сондай жағдайдың өзінде ара-кідік болса да, анда-санда бір жарқ етіп, заман талабына сай күнделікті киетін киімдерімізде, аяқ киімдерімізде, тұрмыстық заттарда, зергерлік бұйымдарда, архитектуралық ғимараттарда әсіресе графикалық дизайн саласында қолданылып қалатын сирек көріністер, әлем халқын еріксіз мойын бұрғызатын әсер әкелуде. Бұл сөзімізге соңғы Токио мен Бейжінде болған олимпиадаға арнап тігілген спорттық киіміміз дәлел болады. Жазғы және қысқы олимпиадаға арнап тігілген Қазақстан ұлттық құрамасының формасы, ең әдемі формалардың қатарынан көрінді **(2-сурет)**.

Графикалық дизайн, иллюстрация саласынан да қазақ оюларының жаңа лебін байқауға болады. Заманауи, жас суретшілеріміздің жұмыстары бұл сөзімізге дәлел **(3-сурет)**.




3- сурет. Ұлттық ою-өрнектердің заман талабына сай бейнедегі көрінісі. Суреттер @arusoull_ инстаграм парақшасынан алынды.

Оюдың әрқайсысы белгілі бір ұғымға немесе қандай да бір жағдайға байланысты өрнектелетіні түсінікті. Соны ескерсек, ою-өрнектердің айтар ойы мен берер тәрбиесі де мол. Осы орайда айта кетерлігі, қазақ халқы әр оюға ерекше мән беріп, оның қайда, қандай бұйымда немесе қандай киім үлгісінде қалай қолданылуы керектігіне көп көңіл бөліп, ешқандай қателіктің кетпеуін жіті қадағалаған. Өйткені оюлар атауларына, көлеміне, пішініне, түр-түсіне қарай өзіндік мағына ие. Балаларға арналған оюлар, ерлер мен әйелдерге тән оюлар бар. Қыз балалардың бешпетіне, көйлегіне гүл тәрізді немесе қанатты қарлығаш секілді өрнектерді бейнелеген. Ер баланың киіміне найзаның ұшы, бүркіт, қошқар мүйіз секілді өрнектерді батыр, алғыр болсын деген ырыммен салған.

Белден төмен, белден жоғары салынатын оюлар туралы естіп пе едіңіз? Төсеніште қолданылатын оюлар бас киімдерге салынбайды. Себебі, онда тек зооморфтық кескіндер ("қошқармүйіз", "қосмүйіз", "арқармүйіз", "сыңармүйіз", "қырықмүйіз" т.б.) пайдаланылады. Осы оюларды үй жиһаздарында, ер-тұрман, қару-жарақтарда кеңінен пайдалануға болады (4-сурет).

Бас киімге, камзолға, шапанға салынатын оюлар бар. Мәселен, бас киімге салынатын оюларды балаққа немесе етікке салып қояды. "Ит құйрық" аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында "дұшпаның кеуденнен жоғары өрлемесін" деген ырым жатыр. Ол өрнек "дұшпаның төмен болсын" деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына өрнектелген.




4- сурет. Қазақ оюларының санаулы түрлері

Суретші Ерлан Қожабаевтың айтуынша, тіршіліктің тоқтағанын білдіретін оюлар бар. Тірі адамға тіршілік белгісін білдіретін өрнектер ғана салынады. О дүниенің белгісін білдіретін оюды тірі адамға салып қойып жататын жағдайлар кездеседі. Бұлардың барлығын ажырата білуіміз керек.

Сағат тілі ғаламшарлардың қозғалысы сияқты қимылдайды. Сондықтан, осы дүниенің белгісін білдіреді. Керісінше, сағат тіліне қарама қарсы айналып тұрған кескіндер – о дүниенің белгісі. Қожа Ахмет Йассауи кесенесіндегі свастикалардың бәрі теріс айналып тұр. "О дүниеде тәңір әруақты қолдасын!" деген ұғымнан туындаған.

Ою-өрнек мәдениеті өте құнды бай мәдениет. Сондықтан да әр оюдың өзіне сай қолданатын жерлері, ережелері бар.

Жалпы қазақ ою-өрнек



5- сурет. Оюдың философиялық мағынасы

мәселелерін зерделеу нәтижиелері ұрпақ тәрбиесінде, әсіресе, олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттыру процестеріндегі өзіндік маңызы мен орнының ерекше екенін көрсетіп отыр. Ұлттық ою-өрнек, терең тарих және философиялық, көркемдік эстетика тұрғысында ұрпақтың санасын ашып, оның айналаға деген көзқарасын анықтап, ой-өрісінің дамуына шынайы да ұтымды түрткісі бар өзіндік сыры мол әлемге еліктіретіні анық.

Қазіргі кезде біздің алдымызда тұрған шешілуі керек мәселе, осы ою-өрнекті ғылыми тұрғыда зерттеп, олардың қолдану ережелерін қайта қалпына келтіріре отырып, заман талабына сай дамытып қолданыс аймағын кеңейту . Қазақ халқының дүние танымын, мәдениетін, философиясын ою-өрнек арқылы келешек ұрпақтың санасына сіңіру, жоғары дәрежеде насихаттау. Бұл жұмысты балабақша, мектеп қабырғаларына пән ретінде енгізу. Халқымыздың бойына сіңіру үшін киноиндустрия, шоу-бизнес, фэшн индустрия, зергерлік, архитектура саласында кең көлемде қолдану.

Ұлттық ою-өрнегімізді қайта дамыту мәселесін көтере отырып, менің жеке өз көзқарасым тұрғысынан айтарым, әсіресе, сақ дәуіріндегі «аң стилін» жаңғырта пайдалану ерекше екпінге ие болатын сияқты [1].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
2. <https://informburo.kz/kaz/aza-oyuyny-syry-oyudy-alay-ou-kerek-.html>
3. Арынов Қ.Қ. Архитектура зданий ремесленных центров: монография. – Астана: ИП «Дана» издательство, 2018- 271 с.: ил.

УДК 72.04

ДЕКОРАТИВНЫЕ ЭЛЕМЕНТЫ НА ФАСАДАХ ЗДАНИЙ В АДМИНИСТРАТИВНОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА

Кушматова Г. М.

kushmatovag@bk.ru

Магистрант специальности «Архитектура» ЕНУ им Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – кандидат архитектуры, профессор Чекаева Р. У.

В современной архитектуре Казахстана все более распространенным становится оформление фасадов зданий декоративными элементами, ставшее своеобразной отличительной чертой. За период, охватывающий конец 1990-х начало 2000-х годов, отмечается появление и широкое распространение стилистических новых форм в оформлении фасадов зданий.

В столице Казахстана, которая является административным центром, общественные здания не обходятся без декоративных элементов. Но прежде чем раскрывать всю тему, нужно понять что такое декоративные элементы и зачем он нужен.

Декоративные элементы - в традиционном значении под декором понимают совокупность элементов, составляющих внешнее оформление архитектурного сооружения, его интерьеров, а также предметов быта, изделий декоративно-прикладного искусства.



а)



б)



в)

Рисунок 1. а) фасадный; б) интерьерный; в) интерьерная инсталляция